

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 30 желтоқсандағы N 2021 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 13 қазандағы N 1046 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 24 қазандағы № 612 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 24.10.2016 № 612 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын және мемлекеттік органдардың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін және мемлекеттік қызметші болып табылмайтын қызметкерлер лауазымдарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 30 желтоқсандағы N 2021 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 58, 576-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

1) тақырыбындағы және 1-тармақтағы "қызметкерлер" деген сөзден кейін ", тұлғалар" деген сөзбен толықтырылсын;
мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Ұлттық Банктің қаражаты есебінен ұсталатын мемлекеттік органдарға Техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын және мемлекеттік органдардың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін және мемлекеттік қызметші болып табылмайтын қызметкерлер, тұлғалар лауазымдарының тізбесінде көрсетілген лауазымдардың атауларына олардың қызметінің ерекшелігін сипаттайтын арнайы қосымша атауларды, сондай-ақ бас, жетекші, аға деген атауларды қолдануға құқық берілсін.";

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын және мемлекеттік органдардың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін және мемлекеттік қызметші болып табылмайтын қызметкерлер лауазымдарының тізбесінде:

тақырыбындағы "қызметкерлер" деген сөзден кейін ", тұлғалар" деген сөзбен толықтырылсын;

"Ауысымдардың, станциялардың, тораптардың, учаскелердің, бөлімшелердің, экспедициялардың бастығы" деген жол "экспедициялардың" деген сөзден кейін ", құндылықтар сақтау қоймасының" деген сөздермен толықтырылсын;

"Мұрағаттардың, кітапханалардың, бюро (анықтама, көшіру-көбейту

машинамен басу, ақпараттық), топ, кабинет, лаборатория, шеберхана, қабылдау, пункт, қойма, шаруашылық меңгерушісі" деген жол "шаруашылық" деген сөзден кейін "мұражай, касса, сақтау қоймасы (құндылықтарды), өндіріс" деген сөздермен толықтырылсын;

"Инспектор" деген жол "(іс қағаздарын жүргізу жөніндегі, рұқсаттама бюросы, өткізу режимі, касса жұмысы жөніндегі, инкассация бөлімі)" деген сөздермен толықтырылсын;

"Механик (дыбыстық жабдықтарға, тарату техникаларына, теледидар жабдықтарына қызмет көрсету жөніндегі)" деген жолдағы "қызмет көрсету" деген сөздерден кейін "дизельдік, касса жабдықтарына қызмет көрсету" деген сөздермен толықтырылсын;

"Оператор (бейне жазудың, дыбыс жазудың, көшіру-көбейту машиналарының, телетайптың, телефакстың, телекстің, радионың. Электрондық-есептегіш машиналарының, компьютерлік техникалардың (бағдарламалардың), компьютерлік қондырғыларға қызмет көрсету жөніндегі)" деген жолдағы "қондырғыларға" деген сөзден кейін ", байланыс, қауіпсіздік қызметі жүйелеріне" деген сөздермен толықтырылсын;

"Хатшы (-машинистка, -стенографистка, соттың)" деген жолдағы "соттың" деген сөзден кейін ", басшының" деген сөзбен толықтырылсын; мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

"Нормативтік құқықтық кесімдерді жүйелеуді жүзеге асыратын бөлімшенің басшысы мен қызметшілері*

Дилинг операцияларын, монетарлық қызметті жүзеге асыратын, монетарлық операциялар бөлімшесіне техникалық қызмет көрсетуді қамтамасыз ететін басшылар мен қызметшілер*

Көмекші бухгалтерлік есепті жүзеге асыратын бөлімшелердің басшылары мен қызметшілері*

Ұлттық Банк органдарының қызметі мен басшылығын ақпараттық-ұйымдық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын қызметшілер*

Тұтастай алғанда ақпараттық жүйелерді, телекоммуникация мен байланыс жүйелерін жобалауды, стандарттауды, сүйемелдеуді, әкімшілендіруді, енгізуді және олардың жұмыс істеуін жүзеге асыратын бөлімшелердің басшылары мен қызметшілері*

Қаржылық есеп айырысуларды жүзеге асыратын және қызметкерлерді уәждеуді қамтамасыз ететін бөлімшелердің басшылары мен қызметшілері*

Шаруашылық бөлімшесінің басшылары мен қызметшілері*

Құжат айналымын, құжаттарды мемлекеттік немесе басқа тілдерге аударуды қамтамасыз ететін бөлімшелердің басшылары мен қызметшілері*

Эмиссиялық-кассалық операцияларды, қолма-қол ақшаны сараптауды жүзеге

асыратын және банкноттар мен монеталардың дизайны бойынша маркетингті және шешімдерді іске асыруды қамтамасыз ететін бөлімшелердің (қызметтердің) басшылары мен қызметшілері*

Халықаралық және шетелдік ұйымдармен өзара іс-қимылдар үшін сапарлар, хаттамалық іс-шаралар ұйымдастыруды қамтамасыз ететін бөлімшенің қызметшілері*

Корреспонденттік қатынастар мен төлемдердің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін бөлімшелердің басшылары мен қызметшілері*

Бюджетті жоспарлауды қамтамасыз ететін бөлімшенің қызметшілері*

Жұмылдыру жұмысын, азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыратын, сондай-ақ режимдік объектілерде ішкі қауіпсіздікті қамтамасыз ететін бөлімшелердің (қызметтердің) басшылары мен қызметшілері*

Ақпараттық, өрт қауіпсіздігін және техникалық қорғауды қамтамасыз ететін қызметшілері*

Қымбат металдарға қызмет көрсетуді және оларды сақтауды, химиялық талдаулар мен сараптау жүргізуді қамтамасыз ететін бөлімшелердің басшылары мен қызметшілері*

Банктік құндылықтар мен жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын және сақтауды қамтамасыз ететін бөлімшелердің басшылары мен қызметшілері*

Техникалық, әкімшілік-шаруашылық, медициналық қызмет көрсетуді, материалдық-техникалық қамтамасыз етуді, жылумен жабдықтауды және энергиямен жабдықтауды жүзеге асыратын бөлімшелердің басшылары мен қызметшілері*

Мұражай жұмысын қамтамасыз ететін қызметшілері*

Қоғамдық тамақтану бөлімшелерінің басшылары мен қызметшілері*

Өндірістік қызметті экономикалық жоспарлауды жүзеге асыратын бөлімшелердің басшылары мен қызметшілері*

Өндірістік бөлімшенің басшылары мен қызметшілері*

Өндірістің техникалық дайындығын жүзеге асыратын бөлімшелердің басшылары мен қызметшілері*

Өндірістік, энергетикалық, желдеткіш, жылу-техникалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсетуді және пайдалануды жүзеге асыратын бөлімшелердің басшылары мен қызметшілері*

Цехтардың басшылары мен қызметшілері*

Шикізат, материалдар, жартылай фабрикаттар, дайын өнім сапасын лабораториялық бақылауды қамтамасыз ететін бөлімшелердің басшылары мен қызметшілері*";

мынадай мазмұндағы ескертумен толықтырылсын:

"Ескерту: *осы техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын және мемлекеттік органдардың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін және мемлекеттік қызметші болып табылмайтын тұлғалардың атауы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қаражаты есебінен ұсталатын мемлекеттік органдар үшін көзделген".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК